

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары–19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110- летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т.ІІ,Ч.ІІ.- Б. 25-26.

ӘОЖ 332.334

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Исмаил Н.Ә., 2 курс студенті

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Жер қорларын ұтымды пайдалану – шаруашылықтағы маңызды мәселе. Ол халық шаруашылығына арналған жерлерді дұрыс үлестіруге, бізге керек ауыл шаруашылық өнімдерді алуға, топырақтың құнарлылығын сақтап сапасын жақсартуға көзделеді. Осы айтылған мәселелерді шешу үшін жер кадастрын толықтай жүргізу керек.

Қазіргі уақытта жер учаскілерін түгелдеу, заңсыз пайдаланылып отқан жерлерді анықтау және ол жерлерді мемлекет қорына қайтару және де топырақ құнарлылығын жақсарту жұмысын жүргізуін қолдап отыр.

Қазақстанда ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің 88,3% шөлді және жартылай шөлейтті аймаққа жатады делінген. Орта есеппен алғанда қазіргі уақытта 1 адам басына 1,5 гектар егістік алқабы тиеді екен. Бұл көрсеткіш дүние жүзі бойынша ең жетекші көрсеткіш [1].

Елімізде жер қорындағы жерлердің барлық 7 санаты да бар және онымен қоса жер мөлшері өте көп. Қазақстандағы жерлердің басым бөлігін ауылшаруашылық жерлер алып жатыр. Олардың көлемі 113,4 млн гектарды құрап отыр. Бірақ бұл жерлердің 67,4% заңды тұлғалардың қолында. Біздің егістік жерлердегі кішігірім мәселе сапаның төмендігінде, бұл ауылшаруашылық жерлерінің 30,8 млн гектары су және жел эрозиясына ұшыраған өнімділігі өте аз [2].

Қазіргі шаруашылықтардың басым көпшілігінің ойы жерді бөліп алып, оны рәсімдеуге асығады, одан кейін ол жердің өнімділігі жай-күйі екінші орынға қалып ескерілмей қалып жатыр. Жыртылған жерлердің құнарлылығының төмендеуінің негізгі факторы жерді дұрыс пайдаланбау және жерге арнайы минералдық, органикалық тыңайтқыштардың себілмеуі, дұрыс күтім жасалмауынан болып отыр. Осыны бақылап отырып басшылық 2022 ж егістіктің 46,6% тыңайтуды жоспарлаған.

Ал жайылым жерлерге келетін болсақ, олардың да сапасы тозып жатыр. Әсіресе елді-мекен су көздеріне жақын жердегі жайылымдар қатты тоқырауға ұшырап жатыр және азаюдың орнына ұдайы күшейіп жатыр. Мамандардың қолдағы ақпараттарына қарап айтуы бойынша, жайылымдар мен шөп алқаптарының базасын негіздеп реттеу үшін жыл

сайынғы геоботаникалық жұмыстардың көлемін 10-15 есеге арттыру керек дейді.

Ауыл шаруашылық алқаптарының қазіргі жағдайын ескеріп қарасақ, бізге жерді тиімді пайдалану және құнарлығын сақтау жөніндегі бағдарламалар жасаудың қажеттілігі туып отыр. Негізінен бұл жұмыстар Жер кодексіне және Астық туралы заңға сәйкес жергілікті органдардың құзырында. Бірақ өкінішке орай қазір бізде толыққанды құрылған бағдарлама жоқ [3].

Бұл шаралардың бәрін орындау оңай іс емес және білікті мамандарды талап етеді. Қазір бұл мәселе бойынша бізде қиындау, әсіресе топырақтанушы, геодезист, картограф сияқты мамандар бойынша. Оқу орындары бұндай мамандарды жеткілікті шығарып қамтамасыз етіп отырса да, осы іс бойынша жұмыс жасайтындар өте аз. Ал келгендердің көбісінің білім деңгейі қойған талаптарға сай келмей шығады. Осы себептерге байланысты ЖОО сәйкес шаралар қабылдау керек. Мысалы студенттерді өндірістік тәжірибелерге қабылдау ерте бастан көздерін ашу, сонымен қатар оқу орындарымен келісімшарт жасап байланыс орнату. Студенттерге өз саласының мамандықтарына байланысты білімдерін жетілдіретін курстар ашса да аздық етпейді.

Түйіндей келе бүгінгі таңдағы басты міндетіміз жылдан-жылға құлдырап, құнарлығы төмендеп бара жатқан жерлерімізді сақтап қалу керекпіз. Жер құнарлығын сақтап қалудың ең басты шарттарының бірі ауыспалы егістікті қолдану. Бірақ бұны майда шаруа қожалықтары, қарапайым адамдар қолдануға шамасы жетпейді. Бұл жерде үлкен шарушылықтағы адамдарды қызықтыратындай экономиканы қолдансақ болатын секілді. Мысалы егістікке жарамды жердің көлемін арттырса – жоғары өнім алады, түсірсе – айыппұл төлеуі керек дегендей.

Облыс көлемінде топырақты зерттеу түрін өткізу қажет деп ойлаймын. Бұның ішінде бірінші кезекте егістікке жарамды жерлерді анықтаған дұрыс болар еді. Осындай зерттеулер жүргізсе, біраз жайтқа әсер ететін еді.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [Электрондық ресурс]. - URL: <https://primeminister.kz/kz/news/2022-zhyly-koktemgi-egis-zhane-egin-zhinau-zhumystaryn-karzhylandyru-kolemin-kosymsha-70-mlrd-tengege-arttyru-zhosparlanuda-1025740> (өтініш берген күні: 15.02.2023)

2 Morris Wright. Жел эрозиясы: факторлар, түрлері, салдары, мысалдары. // 2023 [Электрондық ресурс]. - URL: <https://kk.warbletoncouncil.org/erosion-eolica-15658>

3 Saparov A.S. State and rational use of soil and land resources of the Republic of Kazakhstan [Text] / Soil Science and Agrichemistry. - 2019. - №2. - P.10-20.

Ғылыми жетекшісі: Канетова А.С., магистр ғылымы, аға оқытушы